

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 30-б. қараңыз.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі саласындағы құқықтық қатынастарды реттейді және адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мазмұны мен қағидаттарын, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін, мақсаттары мен бағыттарын айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) ақпараттық инфрақұрылым – ақпаратты қалыптастыру, жасау, өзгерту, өңдеу, беру, пайдалану және сақтау техникалық құралдары мен жүйелерінің жиынтығы;
- 2) ақпараттық кеңістік – жеке және қоғамдық санаға, ақпараттық инфрақұрылым мен ақпараттың өзіне де ықпал ететін, ақпаратты қалыптастыруға, жасауға, өзгертуге, өңдеуге, беруге, пайдалануға, сақтауға байланысты қызмет саласы;
- 3) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі (бұдан әрі – ұлттық қауіпсіздік) – адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;
- 4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету (бұдан әрі – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету) – ұлттық мүдделерді нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғауға бағытталған ұлттық қауіпсіздік субъектілерінің қызметі;
- 5) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі – ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат шеңберінде ұлттық қауіпсіздік субъектілері іске асыратын құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, техникалық және өзге де шаралар жиынтығы;
- 6) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері – іске асырылуынан мемлекеттің адам мен азаматтың құқықтарын, қазақстандық қоғамның құндылықтарын және конституциялық құрылыс негіздерін қорғауды қамтамасыз ету қабілеті байланысты

болатын, Қазақстан Республикасының заңнамалық тұрғыдан танылған саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да қажеттіліктерінің жиынтығы;

7) ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатерлер – Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін іске асыруға кедергі келтіретін немесе кедергі келтіруі мүмкін сыртқы және ішкі факторлардың (процестер мен құбылыстардың) жиынтығы;

8) ұлттық қауіпсіздік объектілері – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары; қоғам, оның материалдық және рухани құндылықтары; мемлекет, оның конституциялық құрылысы;

9) ұлттық қауіпсіздік стратегиясы – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында негізгі проблемаларды және қауіп-қатерлерді, стратегиялық мақсаттарды және нысаналы индикаторларды, міндеттерді және нәтижелер көрсеткіштерін айқындайтын Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық құжаты;

10) ұлттық қауіпсіздік субъектілері – өз өкілеттіктерін биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары органдары арқылы жүзеге асыратын мемлекет, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдары.

2-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық негіздері

1. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше нормалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3. Мынадай:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе тәуелсіздіктен айырылуға әкеп соғатын;

2) Қазақстан Республикасының егемендік құқықтарының аясын тарылтатын халықаралық шарттарды жасасуға жол берілмейді.

2-1-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаты мен міндеттері

1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаты Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін нақты және ықтимал қауіптерден қорғау болып табылады.

2. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерінің мызғымастығын, оның ішінде Егемендігін, Тәуелсіздігін, унитарлығы мен президенттік басқару үлгісін, аумақтық тұтастығын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына қол сұғылмауын және ел аумағының бөлінбестігін, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету;

2) елдегі саяси тұрақтылықты, мемлекет экономикасының орнықтылығын қолдау;

3) ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді уақтылы анықтау (айқындау), жою немесе оқшаулау, сондай-ақ оларды талдау, болжау және болғызбау;

4) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің саяси, құқықтық, экономикалық, техникалық, әлеуметтік, сондай-ақ стратегиялық, тактикалық, жедел және өзге де шаралары жүйесін әзірлеу және іске асыру;

5) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру, оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету және оны жетілдіру.

Ескерту. 2-1-баппен толықтырылды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі)

Заңдарымен.

3-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары:

- 1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы;
- 2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде алдын алу-профилактика шараларының басымдығы;
- 3) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде заңдылықты сақтау;
- 4) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерінің жедел өзара хабардар етілуі және іс-қимылдарының үйлесімділігі;
- 5) ұлттық қауіпсіздіктің барлық түрінің біртұтастығы, өзара байланысы және теңгерімділігі, ахуалдың өрбуіне қарай олардың басымдығының жедел өзгеруі;
- 6) ұлттық қауіпсіздікке келтірілген және/немесе ықтимал нұқсанның ауқымы мен сипатына ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларының уақтылы және лайықты болуы;
- 7) адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекет мүдделерінің теңгерімін сақтау, олардың өзара жауапкершілігі;
- 8) ұлттық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі іс-қимылдардың барлық жиынтығын іске асырудың бақылауда болуы;
- 9) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің халықаралық қауіпсіздік жүйелерімен ықпалдастығы;
- 10) мемлекеттік органдар өкілеттіктерінің аражігін нақты ажырату болып табылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

4-бап. Ұлттық қауіпсіздік түрлері

Ұлттық қауіпсіздік түрлері:

1) қоғамдық қауіпсіздік – қоғамның тұтастығы мен оның тұрақтылығы қамтамасыз етілетін азаматтар өмірінің, денсаулығының және амандығының, қазақстандық қоғамның рухани-имандылық құндылықтарының және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің нақты әрі ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

2) әскери қауіпсіздік – әскери күштерді қолданумен немесе оны қолдану ниетімен байланысты сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделері қорғалуының жай-күйі;

3) саяси қауіпсіздік – азаматтардың, әлеуметтік топтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы және олардың мүдделерінің теңгерімі, мемлекеттің тұрақтылығы, тұтастығы және қолайлы халықаралық жағдайы қамтамасыз етілетін конституциялық құрылыс негіздерінің, мемлекеттік органдар жүйесі қызметінің және мемлекеттік басқару тәртібінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

4) экономикалық қауіпсіздік – экономиканың орнықты дамуы және оның тәуелді болмауы қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

5) ақпараттық қауіпсіздік – елдің орнықты дамуы және ақпараттық тәуелсіздігі қамтамасыз етілетін, ақпарат саласындағы нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен мүдделерінің, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі;

6) экологиялық қауіпсіздік – қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі болып табылады.

5-бап. Қазақстан Республикасының негізгі ұлттық мүдделері

1. Қазақстан Республикасының негізгі ұлттық мүдделері:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету;

2) заңдардың дәлме-дәл әрі біркелкі орындалуы және құқықтық тәртіпті сақтау;

3) елде қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау;

4) қазақстандық отаншылдық және Қазақстан халқының бірлігі;

5) қазақстандық қоғамның материалдық және рухани-имандылық құндылықтарын сақтау мен еселей түсу;

6) денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің азаматтар мен қоғамның әл-ауқатын жақсарту қажеттіліктеріне лайықты деңгейі мен сапасына қол жеткізу және оны сақтап тұру;

7) елдің білім және ғылым әлеуетінің қоғам мен азаматтардың әлеуметтік-экономикалық, инновациялық және зияткерлік даму қажеттіліктеріне лайықты деңгейі мен сапасына қол жеткізу және оны сақтап тұру;

8) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерінің, оның ішінде елдің Егемендігінің, Тәуелсіздігінің, унитарлығы мен президенттік басқару үлгісінің, аумақтық тұтастығының, Мемлекеттік шекарасына қол сұғылмауы мен аумағының бөлінбеуінің мызғымастығы;

9) мемлекеттік институттардың тұрақты жұмыс істеуі, олардың қызметінің тиімділігін арттыру;

10) біртұтас Қазақстан халқының игілігі үшін экономикалық даму;

11) экономикалық қауіпсіздікті толық көлемде қамтамасыз ететін агроөнеркәсіптік, отын-энергетика кешендері, көлік және өндірістік салалар, қаржы жүйесі субъектілерінің тұрақты жұмыс істеуі;

12) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жауынгерлік және жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету;

13) Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін толық көлемде қамтамасыз ететін қару-жарақпен және әскери техникамен жарақтандыруды қамтамасыз ету және қорғаныс өнеркәсібі кешенінің отандық субъектілерін дамыту;

14) бәсекеге қабілетті және қорғалған ұлттық ақпараттық кеңістікті қолдау және дамыту;

15) қоршаған ортаның жай-күйін сақтау және жақсарту, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;

16) Қазақстан Республикасының даму басымдықтарына сай келетін халықаралық ынтымақтастықтың жай-күйі;

17) халықаралық деңгейде Қазақстан Республикасының жағымды имиджі мен беделін нығайтуға бағытталған саяси бастамаларды ілгерілету;

18) Қазақстан халқы мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстардың салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден бейбіт уақытта және соғыс уақытында қорғау болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері Қазақстан Республикасының заңдарымен толықтырылуы мүмкін.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Ұлттық қауіпсіздікке негізгі қауіп-қатерлер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың бірінші абзацына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Ұлттық қауіпсіздікке негізгі қауіп-қатерлер:

1) ұлттық мүдделердің қорғалу дәрежесінің төмендеуіне ықпал ететін заңдылық пен құқықтық тәртіп деңгейінің төмендеуі, оның ішінде қылмыстың, оның ұйымдасқан нысандарын қоса алғанда өсуі, мемлекеттік органдардың қылмыстық құрылымдармен, террористік немесе экстремистік ұйымдармен кірігуі, лауазымды адамдардың капиталдың заңсыз айналымына қолдау жасауы, сыбайлас жемқорлық, қарудың және есірткі заттарының заңсыз айналымы;

2) демографиялық ахуалдың және халық денсаулығының нашарлауы, оның ішінде бала туудың күрт төмендеуі, өлім-жітімнің көбеюі;

3) бақылаусыз көші-қон процестері;

4) елдің денсаулық сақтау, білім және зияткерлік әлеуеті деңгейі мен сапасының төмендеуі;

5) Қазақстан Республикасы біртұтас халқының тарихи-мәдени және рухани мұрасынан айырылуы;

6) этносаралық және конфессияаралық қақтығыстардан, жаппай тәртіпсіздіктерден көрінетін әлеуметтік және саяси жағдайдың ушығуы;

7) конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге бағытталған іс-әрекет, оның ішінде Қазақстан Республикасының біртұтастығына, аумағының тұтастығына, қол сұғылмаушылығына, бөлінбестігіне, күзетілетін тұлғалардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін іс-әрекеттер;

8) кез келген нысандардағы және көріністердегі терроризм, экстремизм мен сепаратизм;

9) шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерінің, өзге де шетелдік ұйымдардың және жекелеген адамдардың ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге бағытталған барлау-нұқсан келтіру әрекеті;

10) мемлекеттік органдардың қызметіне іріткі салу, олардың іркіліссіз жұмыс істеуін бұзу, елде басқару деңгейінің төмендеуі;

11) стратегиялық ресурстарды ел мүдделеріне кереғар пайдалануды қоса алғанда, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, инновациялық дамуға және инвестициялық белсенділіктің артуына кедергі жасау, капитал мен тауарларды елден тысқары жерлерге бақылаусыз әкету, көлеңкелі экономиканың өсуі;

12) қаржы жүйесі орнықтылығының төмендеуі;

13) өндірістің қысқаруы, өнімдер мен тауарлар сапасының, бәсекеге қабілеттілігінің, экспорттық, транзиттік әлеуетінің және қолжетімділігінің төмендеуі, Қазақстан Республикасында өндірілмейтін өнімдер мен тауарларды басқа мемлекеттерден әкелудің қысқаруы;

14) елдің қорғаныс қабілеті деңгейінің төмендеуі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қол сұғылмаушылығына және Қазақстан Республикасына қатысты күш қолдану қауіп-қатері төнуі, оған қарсы агрессия;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құру;

16) елдің ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ ұлттық ақпараттық ресурстардың рұқсат етілмеген қолжетімділіктен қорғалу деңгейінің төмендеуі;

17) ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіре отырып, ақпаратты әдейі бұрмалаумен және дәйексіз ақпаратты таратумен байланысты қоғамдық және жеке санаға ақпараттық ықпал ету;

18) экологиялық жағдайдың, оның ішінде ауыз су сапасының күрт нашарлауы, дүлей зілзалалар мен табиғи және техногендік сипаттағы өзге де төтенше жағдайлар, эпидемиялар мен эпизоотиялар;

19) халықаралық деңгейде Қазақстанның ұлттық мүдделеріне, саяси беделіне және экономикалық рейтингіне нұқсан келтіру;

20) егер жиналыстардың, митингілердің, шерулердің, пикеттер мен демонстрациялардың, сондай-ақ оларға қатысуға шақырудың мақсаты нәсілдік, ұлттық, этностық, әлеуметтік, діни төзімсіздікті қоздыру, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің басқа да ережелерін бұзу болып табылса не оларды өткізу қоғамдық тәртіпке және азаматтардың қауіпсіздігіне қауіп төндірсе, шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетел азаматтарынан, азаматтығы жоқ адамдардан алынған (келіп түскен) ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізуге, сондай-ақ оларға қатысуға шақыруға пайдалану;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

21) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

21) биологиялық тәуекелдердің жоғары деңгейі және биологиялық қатерлердің туындауы болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатерлер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен толықтырылуы және нақтылануы мүмкін.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 26.07.2016 № 12-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2022 № 123-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

7-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі

1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын оны қамтамасыз ету күштері, адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әскери және өзге де сипаттағы шараларды жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар құрайды.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген құқықтары мен міндеттерін іске асыру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады.

8-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің негізгі функциялары

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің негізгі функциялары:

- 1) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін айқындау;
- 2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаттарын, міндеттері мен негізгі бағыттарын айқындау;
- 3) ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлерді анықтау, талдау, бағалау және болжамдау;
- 4) ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлердің алдын алу және оны бейтараптандыру жөнінде жедел және ұзақ мерзімді шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру;
- 5) халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған саяси бастамаларды ілгерілету;
- 6) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерін ұдайы дайындықта ұстау;
- 7) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес халықаралық (жаһандық, өңірлік) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысу болып табылады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері

1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштеріне:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1) барлау, қарсы барлау қызметін, сондай-ақ күзетілетін тұлғалар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар кешенін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдар;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары;

3) ішкі істер органдары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, экономикалық тергеу қызметі және авариялық-құтқару қызметтері жатады.

2. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету заңнамада белгіленген өкілеттіктерге сәйкес барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттің лауазымды адамдары үшін міндетті болып табылады.

3. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері және өзге де мемлекеттік органдар өзара байланыста іс-қимыл жасайды, Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау бойынша бірлескен іс-шараларды іске асырады және өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша бір-бірін өзара хабардар етеді.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері мен өзге де мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі осы Заңда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде, тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.06.2026 № 311-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ, ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ, ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ, ҮКІМЕТІНІҢ, СОТТАРЫНЫҢ, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

Ескерту. 3-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Президенті:

- 1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды;
- 2) елдің ұлттық мүдделерін қорғау саласында барлық мемлекеттік билік тармақтарының келісілген қызметін қамтамасыз етеді;
- 3) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша актілер шығарады;
- 4) Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесін құрады;
- 5) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын бекітеді;
- 6) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 179-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің өкілеттіктері

1. Алып тасталды - ҚР 05.07.2018 № 179-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
2. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін ұйымдастыру және оның өкілеттіктері заңда айқындалады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.07.2018 № 179-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Қазақстан Республикасы Құрылтайының өкілеттіктері

Ескерту. 12-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының Құрылтайы ұлттық қауіпсіздік саласындағы өз өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Құрылтайына ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдардың жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады, оның ішінде Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын әзірлеуді және іске асыруды ұйымдастырады;

3) министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне басшылық жасайды;

4) мыналардың:

ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың үлестес тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталына берілген және (немесе) олардың меншігіндегі стратегиялық объектілердің;

мемлекетпен үлестес емес заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігіндегі стратегиялық объектілердің тізбелерін түзеді;

4-1) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісу тәртібін айқындайды;

5) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) тиісті саланың уәкілетті органының салалық қорытындысы негізінде, жеке және заңды тұлғаларға тиесілі стратегиялық объектімен ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін азаматтық-құқықтық мәміле жасасуға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды;

7) Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Қазақстан Республикасы соттарының өкілеттіктері

Соттар:

1) азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституцияның, осы Заңның және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді;

2) адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қол сұғылатын қылмыстық және өзге құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілеттіктері

1. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асырады:

1) ұлттық қауіпсіздік органдары – конституциялық құрылыс негіздерін, мемлекеттің Егемендігін, Тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғау жөнінде барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру қызметін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды және күзетуді, үкіметтік байланысты сақтап тұруды және қамтамасыз етуді, сондай-ақ терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл, мемлекеттік құпияларды қорғау саласында ведомствоаралық қызметті үйлестіруді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік органдар;

2) сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Президентін, Құрылтайы мен Үкіметін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен мемлекеттік ұйымдарын тиісті ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында барлау қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ саяси, әскери-саяси, қаржылық-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда мемлекет басшылығының саясатын іске асыруға жәрдемдесетін, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік орган;

3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі – күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұйымдастырушы және үйлестіруші орган болып табылатын, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін арнаулы мемлекеттік орган;

4) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган - мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

5) ішкі істер органдары – қоғамдық тәртіпті сақтауды, қылмысқа, есірткі заттары мен қарудың заңсыз айналымына, бақылаусыз көші-қонға қарсы күресті, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын, қылмыстық жазалардың орындалуын, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді ұйымдастыратын атқарушы органдар;

6) Қорғаныс министрлігі – мемлекеттің қорғаныс қабілетін, Қарулы Күштердің тұрақты жауынгерлік және жұмылдыру дайындығын сақтап тұратын және қамтамасыз ететін, өз құзыреті шегінде сыртқы барлауды, терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимылды, сондай-ақ әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6-1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту және жою мәселелерінде үйлестіруді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

7) сыртқы саясат саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын, халықаралық бейбітшілікті, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін іске асыруды, Қазақстан Республикасының халықаралық беделін нығайтуды, Қазақстан Республикасының Егемендігін, ұлттық қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекарасының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастарында және халықаралық аренада саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін, шет елде Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен қорғауды, сондай-ақ халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

8) байланыс саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының байланыс инфрақұрылымын қалыптастыруды, дамытуды және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8-1) масс-медиа саласындағы уәкілетті орган – масс-медиа саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8-2) цифрландыру саласындағы уәкілетті орган – цифрландыру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

9) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша құқықтық, әкімшілік және өзге де шараларды әзірлейді, олардың іске асырылуы мен сақталуын бақылауды, сондай-ақ киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган – қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру мәселелері бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтарын, жұмылдыру даярлығы мен жұмылдыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды жүзеге асыратын, ішкі және сыртқы сауданы реттеу мен дамытуды, сондай-ақ заңнамада белгіленген құзырет шегінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

12) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган – көлік-коммуникация саласына басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

14) қаржы саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының салық, кеден және бюджет заңнамасының сақталуын, мемлекеттік мүліктің ұтымды пайдаланылуы мен сақталуын, экономикалық және қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

14-1) қаржы мониторингі саласындағы уәкілетті орган – қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қолданатын, экономикалық және қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ экономикалық және қаржылық қызмет саласында адамның және азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардың алдын алуды, оларды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

15) индустриялық даму саласындағы уәкілетті орган - индустриялық даму саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру мәселелері бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

15-1) инновациялық даму саласындағы уәкілетті орган - ел экономикасы салаларының инновациялық және ғылыми-техникалық дамуын қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

16) энергетика саласындағы уәкілетті орган – экономиканың энергия және энергия ресурстарына қажеттілігін қанағаттандыруды, отын-энергетика кешенін дамытуды, сондай-ақ энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

17) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету

және азаматтық қорғанысты ұйымдастыру бөлігінде азаматтық қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

18) әділет органдары – мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режимін қолдайтын, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін атқарушы органдар;

19) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган – әлеуметтік және еңбек қатынастарында, халықты жұмыспен қамтуда заңдылықтың сақталуын және келісімді нығайтуды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

20) мәдениет саласындағы уәкілетті орган – қоғамның тарихи-мәдени және рухани-имандылық құндылықтарын сақтауды, мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің серпінді дамуын, ішкі саяси тұрақтылықты және этносаралық келісімді нығайтуды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

21) білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган – сапалы және қолжетімді білім беруді, қазақстандық ғылымның орнықты дамуын, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

21-1) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – мемлекеттік жастар саясаты саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

22) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган – халық денсаулығын қорғауды, аса қауіпті және карантиндік инфекциялық аурулардың таралуынан қорғауды, азаматтардың тиімді, сапалы және қолжетімді дәрілік заттарға қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

23) туризм, дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган – Қазақстанда туризмнің, бұқаралық спорттың дамуын, ел халқының дене шынықтыру мәдениетін нығайтуды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

24) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган – жерді ұтымды пайдалануды және қорғауды, жер заңнамасының сақталуын қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

25) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

26) бәсекелестікті қорғау саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзудың алдын алуды, анықтауды және жолын кесуді қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

27) жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган – жер қойнауын геологиялық зерттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және бақылауды қамтамасыз

ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

28) дін істері жөніндегі уәкілетті орган – діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

28-1) геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы уәкілетті орган – геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы басшылық пен салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

29) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі – қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін, Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін Қазақстан Республикасының орталық банкі;

29-1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін мемлекеттік орган;

30) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жоғары органы.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өз құзыреттері шегінде:

1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етеді;

2) ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі мен оны қамтамасыз ету бойынша қолданылатын шаралар туралы халықты хабардар етеді, насихат және қарсы насихат жұмыстарын жүргізеді;

5) іс-әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төнуіне әкеп соғатын лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауаптылыққа тартады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 N 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 393-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік

он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2016 № 484-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 357-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.12.2022 № 167-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 94-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.06.2026 № 311-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілеттіктері

Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады және жұмыс ұйымдастырады;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жұмылдыру қуаттары мен жұмылдыру резервтерінің (ресурстарының) сақталуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тарау. ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

17-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезіндегі адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері

1. Қазақстан Республикасы заңнама мен халықаралық шарттарға сәйкес өз аумағында әрбір адамның және азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мемлекет Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді.

2. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тек заңдармен және конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында қаншалықты қажет болса, соншалықты ғана шектелуі мүмкін. Бұл ретте аталған адамдар заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдардан өз құқықтары мен бостандықтарының шектелуі жөнінде түсініктер алуға құқылы.

3. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде өз өкілеттіктерін асыра пайдаланған лауазымды адамдар заңда белгіленген жауаптылықта болады.

4. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жәрдемдесетін адамдарға мемлекеттік қолдауға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың құқықтық жағынан қорғалуына кепілдік беріледі.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мемлекеттің барлық органдары мен лауазымды адамдары, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыруға заңды негізде қатысатын азаматтар мен ұйымдар құзыретінің аражігі нақты ажыратылған және олардың үйлесімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілген кезде дәйектілікпен іске асырылатын мемлекеттік саясат арқылы қол жеткізіледі.

2. Қазақстан Республикасы өзінің ұлттық қауіпсіздігін өз билігіндегі барлық, оның ішінде біржақты немесе халықаралық шарттарға сәйкес қолданылатын экономикалық, саяси, әскери, құқықтық, арнаулы (барлау, қарсы барлау) құралдармен және әдістермен қамтамасыз етеді.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар:

1) елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының бағыттары мен кезеңдерін стратегиялық жоспарлау;

2) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдарды және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау мен орындау кезінде міндетті түрде ескеріледі.

3. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету:

1) мемлекеттің осы саладағы қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;

2) ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп-қатерді, сондай-ақ шет елде Қазақстан Республикасының саяси бастамаларын ілгерілету мүмкіндіктерін анықтау және болжау ;

3) ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатердің алдын алу және оны бейтараптандыру жөнінде, оның ішінде осы қауіп-қатерді туындататын себептер мен жағдайларды жою жөнінде жедел және ұзақ мерзімді шаралар кешенін жүзеге асыру;

4) ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер төнген, оған қол сұғушылық болған жағдайларда, оның ішінде мемлекетішілік, трансшекаралық және жаһандық сипаттағы тосын және төтенше жағдайлар туындаған кезде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері мен құралдарын жұмылдыру;

5) ұлттық мүдделерді қорғау жөніндегі шешімдер мен әрекеттерді кідіріссіз қабылдау, ұлттық қауіпсіздікке қол сұғатын заңсыз іс-әрекеттің жолын кесу, өзге де құқық шектеу шараларын, оның ішінде барлау, қарсы барлау қызметіне және күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларына байланысты ақпаратқа қолжетімділікті шектеу жолымен жүзеге асыру;

6) ұлттық мүдделерге қол сұғушылыққа байланысты зардаптарды оқшаулау және жою, қалпына келтіру шаралары кешенін жүзеге асыру арқылы ұлттық мүдделер қорғалуының қажетті деңгейіне қол жеткізу мен оны сақтап отырудан тұрады.

4. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру мақсатында ведомствоаралық комиссиялар, кеңестер немесе штабтар құрылуы мүмкін.

Осы Заңның 15-бабына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің белгілі бір саласында ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органдардың басшылары ведомствоаралық комиссиялардың, кеңестердің немесе штабтардың басшылары болып табылады.

Ведомствоаралық комиссиялардың, кеңестердің немесе штабтардың құрамына өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдар мен ұйымдар кіреді.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Қоғамдық қауіпсіздік мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың:

1) азаматтардың жеке қауіпсіздігін, олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету кепілдіктерін нығайтуға;

2) қазақстандық патриотизмге, этносаралық және конфессияаралық келісімге негізделген мемлекеттік идеологияны қалыптастыруға;

3) Қазақстан халқының бірлігін және қоғамда тағаттылықты нығайтуға;

4) халықтың табиғи өсімін сақтап тұруға және дағдарысты демографиялық процестерге қарсы іс-қимыл жасау жөнінде уақтылы шаралар қолдануды қамтамасыз етуге;

5) қылмысқа, оның ішінде оның ұйымдасқан нысандарына, сыбайлас жемқорлыққа, терроризмге және экстремизмге қарсы күресті күшейтуге;

6) жұмыссыздықтың өсуін және халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуін тежеуге;

7) психикаға белсенді әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтынудың, сондай-ақ азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына, Қазақстан халқының гендік қорына қатер төндіретін басқа да әлеуметтік факторлардың алдын алуға;

8) елдің зияткерлік әлеуетінің төмендеуіне жол бермеуге;

9) қазақстандық қоғамның тарихи, дәстүрлі, рухани және мәдени құндылықтарының сақталуын қамтамасыз етуге;

10) заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимылға;

11) биологиялық тәуекелдерді бағалауға және биологиялық қауіпсіздік саласындағы профилактикаға бағытталған шешімдерімен және іс-қимылдарымен қамтамасыз етіледі.

2. Мыналарға:

1) Қазақстан халқының бірлігін бұзуға және этносаралық және конфессияаралық қатынастардың жай-күйін нашарлатуға;

2) қоғамдық келісімді бұзуға;

3) қоғамдық және діни бірлестіктердің мемлекет істеріне және мемлекеттің қоғамдық және діни бірлестіктердің істеріне заңсыз араласуына;

4) қылмыстың және құқық бұзушылықтың өсуіне;

5) білім беру және медициналық қамтамасыз ету деңгейі мен сапасының төмендеуіне;

6) тарихи-мәдени мұра объектілерінің жойылуына;

7) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын негізсіз шектеуге;

8) биологиялық тәуекелдердің деңгейін арттыруға не Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігіне төнетін қатерлердің туындауына алып келуге көрінеу ықпал ететін шешімдер қабылдау мен іс-қимылдар жасауға жол берілмейді.

3. Қоғамның саламаттылығына нақты қауіп-қатер туғызатын аса қауіпті және карантиндік инфекциялық аурулары бар шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағында жүрген және азаматтардың денсаулығына қауіп-қатер туғызатын инфекциялық аурулары бар шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар ел шегінен шығарып жіберілуге жатады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2022 № 123-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

20-бап. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Әскери қауіпсіздік:

- 1) мемлекеттің қорғаныс қабілетінің қажетті деңгейін сақтап тұрумен;
- 2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жауынгерлік дайындығын сақтап тұрумен;
- 3) экономиканың жұмылдыру дайындығы мен елдің халқын жұмылдыруға даярлаудың тиімді жүйелерін құрумен;
- 4) қауіпсіздіктің өңірлік және халықаралық құрылымдарының шеңберіндегі әскери ынтымақтастық пен әріптестік қатынастарды кеңейтумен, әлемде өзара сенімді күшейту және әскери қауіптілік деңгейін төмендету мақсатында ядролық қарусыздану бастамасын ілгерілетумен;
- 5) Азаматтық қорғаныстың ел халқы мен аумағын қорғау дайындығын сақтап тұрумен қамтамасыз етіледі.

2. Мемлекеттің барлық органдары мен лауазымды адамдарының, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың және азаматтардың міндеті:

- 1) Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін нығайтуға;
- 2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жауынгерлік дайындық деңгейін сақтап тұруға және арттыруға;
- 3) жұмылдыру қуаттарын сақтауға және жұмылдыру резервтері жүйесін жетілдіруге жәрдемдесу болып табылады.

3. Мынадай:

1) Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетіне және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жауынгерлік дайындығына нұқсан келтіретін;

2) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарына қатысты "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 98-бабы 3-1 және 3-2-тармақтарының талаптарын бұзуға алып келетін шешімдер қабылдауға және іс-қимылдар жасауға тыйым салынады.

4. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда:

1) Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттердің және (немесе) халықаралық ұйымдардың әскери базаларын орналастыруға;

2) шет мемлекеттердің және (немесе) халықаралық ұйымдардың әскери құралымдарының, қару-жарақтары мен әскери техникасының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне жол берілмейді.

5. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес тартылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Саяси қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Саяси қауіпсіздік мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың:

1) конституциялық құрылыстың негіздерін, мемлекеттік Егемендікті және аумақтың тұтастығын құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғауға;

2) саяси шешімдер қабылдауда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін сақтауға;

3) мемлекеттік органдардың қызметін және мемлекеттік басқару тәртібін жетілдіруге;

4) мемлекеттік институттардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

5) қоғамның саяси мәдениетінің деңгейін арттыруға бағытталған шешімдерімен және іс-қимылдарымен қамтамасыз етіледі.

2. Азаматтардың, оның ішінде саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің:

1) конституциялық құрылысты құлатуға немесе оның негіздерін күштеп өзгертуге, оның ішінде терроризмге, экстремизмге, сепаратизмге және Қазақстан Республикасының біртұтас құрылысына, оның аумағының тұтастығына, қол сұғылмаушылығына және бөлінбестігіне қол сұғатын өзге де іс-әрекеттерге;

2) билікті басып алуға;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасына сәйкес құрылған немесе сайланған (тағайындалған) Қазақстан Республикасының органдары мен лауазымды адамдарының өкілеттігін күштеп тоқтатуға немесе қызметіне кедергі келтіруге;

4) орын алып отырған конфессиялық айырмашылықтар мен түрлі діни көзқарастарды саяси, экстремистік және террористік мақсаттарға пайдалануға

шақыруы ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіреді және заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады деп танылады.

3. Мемлекеттік институттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары басшыларының міндеті болып табылады және олардың қызметтік іс-қимылын бағалау өлшемдерінің бірі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері өз қызметінде жалпы мемлекеттік мүдделерді басшылыққа алуға міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік биліктің беделіне күмән келтіретін, лауазымдық жағдайын қызметтен тыс мүдделерге пайдалануға әкелетін шешімдер қабылдауына және іс-қимылдар жасауына тыйым салынады.

4. Мемлекет:

- 1) мемлекеттік қызметтің беделі мен абыройын арттыруға;
- 2) белгіленген талаптарға сай келмейтін адамдардың мемлекеттік қызметке кіруіне жол бермейтін ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктер қалыптастыруға бағытталған шаралар қолданады.

5. Мыналарға:

- 1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының біртұтас жүйесінің;
- 2) Қазақстан Республикасының біртұтас құқықтық жүйесінің қалыптасуы мен үздіксіз жұмыс істеуі мүдделеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға және іс-қимылдар жасауға жол берілмейді.

6. Қазақстан Республикасына қарсы нұқсан келтіру іс-әрекетін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Егемендігіне, аумақтық тұтастығына, оның халқының бірлігіне, елдегі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылыққа жария түрде қарсы шығатын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ егер оларға қатысты олардың экстремизмге немесе террористік іс-әрекетке қатыстылығы туралы мәліметтер болса не сот олардың әрекеттерінде қауіпті түрде қайталанған қылмыс бар деп таныған жағдайда, олардың Қазақстан Республикасына келуіне жол берілмейді. Қазақстан Республикасының аумағында болатын және осындай мазмұндағы жария әрекеттерге жол беретін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар елден шығарып жіберілуге жатады, Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттарына сәйкес өзге де жауаптылықта болады.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.11.2014 № 244-V (02.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Экономикалық қауіпсіздік мыналарды:

1) мемлекет қаржы жүйесінің тұтастығын, тәуелсіздігін және орнықты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, оның нақты және ықтимал қауіп-қауіптерден қорғалу жай-күйін көздейтін қаржылық қауіпсіздікті;

2) мемлекет тұтынудың және демографиялық өсудің физиологиялық нормаларын қанағаттандыру үшін жеткілікті болатын сапалы және қауіпсіз азық-түлік тауарларына халықтың нақты және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ете алатын экономиканың, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің қорғалу жай-күйін көздейтін азық-түлік қауіпсіздігін;

3) мемлекет қоғам мен мемлекеттің энергия ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін энергетикалық тәуелсіздік пен экономиканың жылу-энергетикалық, мұнай-газ және атом-энергетикалық кешендерінің орнықты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті олардың нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалу жай-күйін көздейтін энергетикалық қауіпсіздікті;

4) мемлекет автомобиль, темір жол, әуе, теңіз және өзен көлігі түрлерімен тасымалдарда және олармен байланысты қызметтерде экономика мен тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасауды, көлік инфрақұрылымын қалыптастыруды және дамытуды, сондай-ақ транзит әлеуетін орнықты дамыту мен бәсекеге қабілеттілігін қамтуды қамтамасыз етуге қабілетті, нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден экономиканың көлік саласы қорғалуының жай-күйін көздейтін көлік қауіпсіздігін қамтиды.

2. Экономикалық қауіпсіздік мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың:

1) ұлттық экономиканың, оның ішінде өнеркәсіптік-инновациялық құрамдас бөлігінің тұрақтылығы мен орнықты дамуын қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасының қаржылық, энергетикалық, азық-түлік және көліктік тәуелсіздігін қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының дүниежүзілік экономикалық жүйеден экономикалық оқшаулануына жол бермеуге;

4) экономикалық шешімдер қабылдауда, оның ішінде экономикалық ықпалдасудың ұлттық органдардан жоғары тұратын органдар шеңберінде шешімдер қабылдауда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін сақтауға және ұлттық мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

5) экономиканы одан әрі әртараптандыруға, ел экономикасының ресурстық-энергетикалық негізін сақтау мен нығайтуға;

6) Қазақстан Республикасының геосаяси айналасында туындайтын теріс факторлардың әсеріне байланысты мемлекет экономикасы осалдығының дәрежесін барынша азайтуға;

7) отандық және халықаралық қаржы институттарымен өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге, отандық экономиканы дамытуға арналған ішкі,

сыртқы кредиттік ресурстар мен инвестициялық мүмкіндіктер бағытының басымдығына;

8) мемлекеттік бюджет тапшылығының жол берілетін шекті деңгейінен асып кетпеуіне және оның кіріс бөлігін нығайтуға;

9) бюджет қаражаты мен мемлекеттік ресурстардың мақсатсыз пайдаланылуына жол бермеуге, көлеңкелі экономика ауқымын қысқартуға;

10) сыртқы қарыздың "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшерге қарағанда ұлғайып кетуіне жол бермеуге;

11) Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы қауіп төндірілік теңгерімсіздікке жол бермеуге;

12) бәсекені көтермелеу және монополизмді шектеу жағдайында ел экономикасында Қазақстанда шығарылатын тауарлар өндірісінің және көрсетілетін қызметтердің үлесін арттыруға;

13) Қазақстан Республикасында өндірілетін, әкелінетін және өткізілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің нақты және экономикалық қолжетімділігін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сапасы мен қауіпсіздігі деңгейіне қойылатын талаптарға олардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

14) Қазақстанда шығарылатын тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға;

15) ішкі және сыртқы қолайсыз факторлардың әсеріне қарамастан, мемлекеттік материалдық резервті, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын басымдықпен қалыптастыруды, жаңартуды және толықтыруды қамтамасыз етуге;

16) экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпкерлер қауымдастықтарының (одақтарының) рөлін арттыруға;

17) экономиканың жай-күйі және шет мемлекеттермен сауда-экономикалық қатынастар туралы ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған шешімдермен және іс-қимылдармен қамтамасыз етіледі.

3. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау, оның ішінде өнеркәсіптік әлеуетті сақтау мен нығайту мақсатында мемлекет шетелдік инвесторларға берілетін кепілдіктерді сақтай отырып, шетелдік ұйымдар мен шетелдіктер қатысатын ұйымдардың басқаруындағы немесе меншігіндегі Қазақстан Республикасының экономикасы объектілерінің жай-күйі мен пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

4. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстарын пайдалану жөніндегі келісім-шарттарды жасау (өзгерту), осы келісімшарттардың орындалуы және олардың орындалуын бақылау кезінде, сондай-ақ мемлекеттік органның жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығын басқа тұлғаға ішінара немесе толық беруіне рұқсат беруі

немесе рұқсат беруден бас тартуы туралы шешім қабылдауы кезінде және жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) иеліктен шығаруға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту кезінде міндетті түрде ескеріледі.

Бұл ретте, егер осы тармақта көзделген мәмілелерді жасау бір елден шыққан бір тұлғада немесе тұлғалар тобында операциялар жүргізуге құқықтардың шоғырлануына әкеп соғатын болса, мемлекеттік орган өтінім берушіге бұған рұқсат беруден бас тартуға құқылы.

Үлестес тұлғалармен мәмілелерге қатысты да осы шарттың сақталуы міндетті.

5. Мыналарға:

1) оның шегінде еңбек, қаржы және өзге де ресурстардың еркін қозғалуы жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының нарықтық кеңістігінің;

2) Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің, оның ішінде елдің бүкіл аумағында ұлттық валюта – теңге айналымының;

3) Қазақстан Республикасының біртұтас және дербес коммуникациялық және энергетикалық жүйелерінің қалыптасуы мен үздіксіз жұмыс істеуі мүдделеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға және іс-қимыл жасауға жол берілмейді.

6. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының:

1) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын, оның ішінде мемлекеттік сатып алуға арналған қаражатты және бөлінетін кредиттік ресурстарды бөлуге;

2) рұқсаттар мен лицензиялар беруге;

3) шаруашылық қызмет субъектілеріне заңнамада белгіленген жеңілдіктер мен преференциялар беруге;

4) мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіруге байланысты шешімдер қабылдау рәсімдері заңнамада белгіленген шектерде ашық және бақыланатын сипатта болуға тиіс.

7. Мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік-инновациялық дамуына және экономикасына инвестициялардың тартылуына кедергі жасайтын;

2) капиталдың және тауарлардың елден тысқары жерлерге бақылаусыз әкетілуіне ықпал ететін;

3) тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалардың негізсіз өсуіне ұрындыратын;

4) халықтың денсаулығы мен өміріне қауіпті тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа әкелуге ықпал ететін;

5) ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіре отырып, пайдалы қазбалардың кен орындарын және экономика объектілерін шаруашылық жүргізуші субъектілерге беруге ықпал ететін шешімдер қабылдауға және іс-қимыл жасауға тыйым салынады және жауаптылыққа әкеп соғады.

8. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстарына (объектілеріне) меншік құқығының өтуіне және туындауына шектеу белгілейді.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі экономикалық қауіпсіздік жай-күйі нашарлаған кезде тауарлардың экспорты мен импортына уақытша тыйым салуды және шектеу қоюды енгізуге құқылы.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 33-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2021 № 87-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2025 № 188-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Ақпараттық қауіпсіздік мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың:

- 1) Қазақстан Республикасының ақпараттық тәуелді болуына жол бермеуге;
- 2) басқа мемлекеттердің, ұйымдар мен жекелеген адамдардың тарапынан ақпараттық өктемдік пен оқшаулаудың алдын алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының Президентін, Құрылтайын, Үкіметін және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерді ақпараттық жағынан оқшаулауға жол бермеуге;
- 4) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін сақтау мақсатында, оның ішінде айрықша кезеңде және табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, карантиндер, өзге де төтенше жағдайлар туындаған кезде байланыс желілерінің үздіксіз және тұрақты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;
- 5) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің және өзге де заңмен қорғалатын құпияның таралуы мен жоғалуын анықтауға, алдын алуға және жолын кесуге;
- 6) ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіре отырып, ақпаратты әдейі бұрмалаумен және дәйексіз ақпаратты таратумен байланысты қоғамдық және жеке санаға ақпараттық ықпал етуге жол бермеуге;
- 7) мемлекеттік шешімдер тұжырымдау мен қабылдау процесіне ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіре отырып, жасырын ақпараттық ықпал ету тетіктерін табуға және бұзуға;
- 8) мемлекеттік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер айналыста болатын цифрлық ресурстарды, цифрлық жүйелерді және байланыс инфрақұрылымын қорғаудың тиімді жүйесін қолдауға және дамытуға бағытталған шешімдерімен және іс-қимылдарымен қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасында ақпараттық қауіпсіздікті, оның ішінде мемлекеттік цифрлық деректердің, цифрлық жүйелердің, цифрлық инфрақұрылымның және аса маңызды цифрлық объектілердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі құрылады және нығайтылады.

3. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау және ақпараттық оқшаулануын болдырмау мақсатында мемлекеттік уәкілетті органдар инвесторларға берілетін кепілдіктерді сақтай отырып, магистральдық байланыс желілерін басқару мен пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ шетелдіктер қатысатын ұйымдардың басқаруындағы немесе меншігіндегі байланыс желілерінің қызметіне заңнамада айқындалған тәртіппен бақылау жасауды жүзеге асырады.

4. Жеке және заңды тұлғалар байланыс желілерін салу, пайдалану және дамыту мәселелері жөнінде шешім қабылдау кезінде байланыс саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұлттық қауіпсіздікті сақтау талаптарын басшылыққа алуға тиіс.

Терроризмге қарсы операциялар жүргізу және жаппай тәртіпсіздіктің жолын кесу кезінде жедел штаб басшысының шешімі бойынша байланыс желілерінің иелері мен операторларына "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабының 1-2-тармағына сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғаларға байланыс қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру және (немесе) байланыс желілері мен құралдарын пайдалануды шектеу, сондай-ақ байланыс желілері мен құралдарының жұмыс режимін өзгерту туралы орындалуға міндетті нұсқау берілуі мүмкін.

5. Мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін қалыптастыру және оның үздіксіз жұмыс істеуі;

2) Қазақстан Республикасының әлемдік байланыс және цифрлық орта жүйесіне кіруі;

3) Қазақстан Республикасының цифрлық ресурстарын, цифрлық жүйелерін және байланыс инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету және оның деңгейін арттыру жөніндегі ұлттық мүдделеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға және іс-қимыл жасауға жол берілмейді.

6. Мыналарға:

1) мазмұны ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының баспа өнімдері мен өнімін Қазақстан Республикасының аумағында таратуға;

2) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария етуге;

3) шетелдік жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралының немесе осы салада қызметін жүзеге асыратын меншік иесі – заңды тұлғаның акцияларының (үлесінің, пайлардың) 20 пайызынан астамын тікелей және (немесе) жанама түрде иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және (немесе) басқаруына;

4) шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды тұлғалардың магистральдық байланыс желілерін Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлға құрмай басқаруына немесе пайдалануына;

5) басқару орталығы Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан байланыс желілерін оның аумағында құруға және пайдалануға, сондай-ақ осындай байланыс желісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін телекоммуникация құралдарын әкелуге, өткізуге және өзге де беруге тыйым салынады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақшаның екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген – ҚР 19.06.2026 № 320-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы тармақшаның талаптары пилоттық жоба шеңберінде геостационарлық емес спутниктерді қолдана отырып Қазақстан Республикасының аумағында байланыс желілерін пайдалануға қолданылмайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақшаның үшінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген – ҚР 19.06.2026 № 320-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтамай, геостационарлық емес спутниктерді қолдана отырып байланыс желілерін пайдалану жөніндегі пилоттық жоба 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақшаның төртінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 19.06.2026 № 320-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Геостационарлық емес спутниктерді қолдана отырып байланыс желілерін пайдалану тәртібін байланыс саласындағы уәкілетті орган ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша айқындайды;

6) байланыс саласындағы уәкілетті органның, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының келісімінсіз, қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленуші және (немесе) оларды басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асырушы ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайызынан астамын жеке және заңды тұлғалардың дербес немесе тұлғалар тобы құрамында сатып алуына немесе өзгеше меншікке алуына;

7) ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілген, байланыс саласындағы уәкілетті органның қорытындысына негізделген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң шешімінсіз қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асырушы, жер бетіндегі (кәбілдік,

оның ішінде талшықты-оптикалық, радиорелелік) байланыс желілерін иеленуші заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының жиынтығында 49 пайыздан астамын шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды тұлғалардың тікелей және (немесе) жанама түрде иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және (немесе) басқаруына;

8) жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін байланыс желілерін құруға немесе дамытуға, оның ішінде пайдалануға беруге тыйым салынады.

7. Байланыс және ақпарат саласында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың акцияларын (үлестерін, пайларын) иелену немесе олардың қызметіне қатысу бөлігіндегі өзге де шектеулер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Экологиялық қауіпсіздік мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен лауазымды адамдардың:

- 1) табиғи ресурстарды сақтауға, ұтымды пайдалануға және қалпына келтіруге;
- 2) қоршаған орта мен ел халқы үшін антропогендік факторлардың қауіптілік деңгейін азайтуға;
- 3) өндірістік күштерді дамыту мен орналастырудың экологиялық-экономикалық теңгерімділігін қамтамасыз етуге;
- 4) қоршаған орта және экологиялық апат аймақтарында тұратын Қазақстан Республикасының халқы үшін теріс салдарларды жоюға;
- 5) экономиканы, заңнаманы және қоғамды экологияландыруға, қоғамдық қатынастарды реттеуге экожүйелік көзқарас орнатуға;
- 6) қоғамдық санада экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, экологиялық білім беру мен ағарту жүйесін жақсартуға;
- 7) әрбір адамның экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын сақтауға және жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге жан-жақты қатысуына;

8) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан болған қатерлерді азайтуға және олардың салдарларын жұмсартуға;

9) халықаралық ынтымақтастықта әріптестік қатынастар орнатуға және халықаралық құқық нормаларын сақтауға бағытталған шешімдерімен және іс-қимылдарымен қамтамасыз етіледі.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың міндеті:

1) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қорғау;

2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының және Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптары мен нормаларын мүлтіксіз сақтау;

3) ел аумағының радиоактивті, химиялық ластануына, бактериологиялық зарарлануына жол бермеу;

4) экологиялық қауіпті технологиялардың, техника мен жабдықтың тізіліміне енгізілген технологиялардың, техника мен жабдықтың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуын болдырмау;

5) шаруашылық және өзге де қызметтің теріс экологиялық зардаптарын жою;

6) қоршаған ортаға және адамның денсаулығына келтірілген залалды өтеу;

7) басқару органдары мен күштерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі, зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарының дамуын ескере отырып, азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-қимылдарға міндетті түрде дайындау, халықты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қатері төнген және туындаған жағдайлардағы іс-қимылдарға үйрету;

8) болжанған және туындаған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, олардың алдын алу мен оларды жою жөнінде қабылданған шаралардың жариялылығы және олар туралы халыққа және ұйымдарға хабардар ету;

9) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға және авариялық-құтқару мен кезек күттірмейтін жұмыстарға жедел ден қоюға азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарының тұрақты дайындығын қамтамасыз ету болып табылады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2022 № 123-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуы

1. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздіктің халықаралық кепілдіктерін алу мақсатында Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі болып саналатын халықаралық (жаһандық, өңірлік) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысады.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметі:

1) жаһандық бейбітшілік тәртібін қалыптастыру мәселелерінде Қазақстан Республикасының рөлін нығайтуды;

2) Қазақстан Республикасының геосаяси айналасында ұжымдық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қалыптастыру мен нығайтуды;

3) қызметі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мүдделеріне сай келетін халықаралық ұйымдар мен форумдарға қатысуды;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес елден тыс жерлерде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларға қатысуды;

5) қажет болған жағдайларда шекаралас мемлекеттермен бірлесіп, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәселелерді шешуді;

6) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мүдделеріне сай келетін халықаралық шарттар жасасуды көздейді.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

27-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалау

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының прокуратурасы жүзеге асырады.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

29-бап. Осы Заңның өзге де нормативтік құқықтық актілермен арақатынасы

Осы Заңның нормалары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жекелеген бағыттары мен тәсілдерін регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау үшін негіз болып табылады.

30-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң, шет мемлекеттердің және (немесе) халықаралық ұйымдардың әскери құралымдарының, қару-жарақтары мен әскери техникасының Қазақстан аумағы арқылы әуе кемелерімен транзитіне тыйым салу бөлігінде 20-баптың 4-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шет мемлекеттердің және (немесе) халықаралық ұйымдардың әскери құралымдарының, қару-жарақтары мен әскери техникасының Қазақстан аумағы арқылы әуе кемелерімен транзитіне тыйым салу бөлігінде осы Заңның 20-бабы 4-тармағының 2) тармақшасы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 11-12, 173-құжат; 2000 ж., № 5, 115-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 16, 70-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 20, 153-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 24, 129-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.06.21 № 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. НАЗАРБАЕВ